**БЕКІТЕМІН**
**Ректор Ж. Сейтжанова**
3.06. **2025 ж.**

# «ОҚМА» АҚ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## Е 425-2025

| Күні | Көшірмесі | Басылым |
|---|---|---|
| | | Үшінші |

**Шымкент**

Тіркеуші офисімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
«19» «06» 2025, хаттама № 1

«ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі кеңесінің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ**
«3» «06» 2025, хаттама № 5

Тексеру мерзімділігі – 3 жыл

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер....4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар....4
3. Үдеріс сипаттамасы....5
4. Негізгі мақсаттар мен міндеттер....6
5. Негізгі қызметтер....6
6. Құқықтары мен міндеттері....6
7. Жауапкершілік....7
8. Үдеріс нәтижелілігінің критерийлері....7
9. Библиография....8

## 1. Жалпы ережелер

«ОҚМА» АҚ Қ абылдау комиссиясы туралы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарын, «ОҚМА» АҚ Жарғысын, ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері;
- СБ 001-2024 Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы;
- СТ 004-2024 Қызметтік құжаттарды басқару;
- СТ 007-2024 Жазбаларды басқару;
- СТ 008-2024 Сапа саласындағы қауіп-қатерлерді басқару;
- СТ 010-2024 Басшылық тарапынан талдау;
- СТ 020-2024 Ішкі аудит;
- СТ 012-2025 Профессор-оқытушылар құрамының әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру.
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

Қабылдау комиссиясы «ОҚМА» АҚ-да оқуға үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын/әңгімелесулерді өткізу және білім алушылар қатарына қабылдау үшін құрылады.

Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті академияның барлық деңгейдегі білім алушыларының контингентін қалыптастыру болып табылады.

## 2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

**Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ)** – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының бір түрі.

**Кешенді тестілеу** (КТ) – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, бірнеше академиялық пәндер бойынша бір уақытта өткізілетін емтихан нысаны. КТ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар үшін жүргізіледі.

| | |
|---|---|
| «ОҚМА» АҚ | - «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» Акционерлік қоғамы |
| ҚК | - Қабылдау комиссиясы |
| ҚР ҒжЖБМ | - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| ҰТО | - Ұлттық тестілеу орталығы |

СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі
ҰБТ - Ұлттық бірыңғай тестілеу
КТ - Кешенді тестілеу
ЖОО - Жоғары оқу орны

**3. Үдеріс сипаттамасы**

3.1 «ОҚМА» АҚ-да басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен ҚК құрылады. ҚК құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және профессор-оқытушы құрам өкілдері кіреді. ҚК сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. ЖОО басшысы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. ЖОО басшысының немесе оның м індетін атқарушы тұлғаның б ұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

3.2. Ректордың бұйрығымен ҚК техникалық хатшылары құрамы жасақталады.

3.3. ҚК құру туралы бұйрық жыл сайын ҚК жұмыс істеп тұрған кезеңде шығарылады.

3.4. ЖОО ҚК төраға бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес жұмыс істейді. ҚК шешімдері бекітілген құрамның 2/3 бөлігі болған жағдайда көпшілік дауыспен қабылданады. ҚК жұмысы төраға мен жауапты хатшы қол қоятын отырыс хаттамасымен рәсімделеді. ҚК отырысын төраға, ал ол болмаған кезде орынбасар жүргізеді. ҚК отырыстарының хаттамалары хатшыда сақталады.

3.5. Қабылдау емтихандарын/әңгімелесулерді өткізу кезеңінде емтихан комиссиялары құрылады, академияның ең тәжірибелі, білікті және жауапты оқытушыларының ішінен төраға тағайындалады. Емтихан комиссиясының төрағасы емтихан материалдарын дайындайды және бекітуге ұсынады, емтихан алушылардың жұмысына басшылықты және жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ректор бұйрығымен бекітіледі.

3.6. Емтиханға дәлелді себептерсіз кесте бойынша белгіленген уақытта келмеген оқуға түсушілер емтихандарға жіберілмейді. Құжаттармен расталған дәлелді себептер болған жағдайда, оқуға түсушілер емтиханды өткізудің белгіленген мерзімдері шегінде ҚК төрағасының рұқсаты бойынша қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілуі мүмкін.

3.7. Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.8.Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін апелляциялық комиссиялар құрылады. ЖОО-дағы апелляциялық комиссиялардың төрағалары мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

3.9.Апелляциялық комиссия қабылдау емтихандарының оқуға түсетін тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері

бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

3.10. Өтініштер емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

3.11.Конкурсты өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау ол жоғары оқу орнына қабылдау ережелеріне және белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

3.12.ҚК білім алушыларды оқуға қабылдау бойынша шешімі хаттамамен рәсімделеді.

3.13. ҚК шешімі негізінде ректор білім алушылар құрамына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

## 4. Негізгі мақсаттар мен міндеттер

4.1. ҚК қызметінің негізгі мақсаты бюджеттік қаржыландыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты есебінен және басқа да көздер есебінен ақы төлеу арқылы академияда білім алушылардың контингентін қалыптастыруға жалпы басшылықты жүзеге асыру болып табылады.

4.2. ҚК білім алушылардың контингентін азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізде ҰТО әзірлеген технологиялар бойынша өткізілген ҰБТ/КТ нәтижелері бойынша берілген мемлекеттік сертификаттың балдарына сәйкес, сондай-ақ әңгімелесу мен қабылдау емтихандарының нәтижелеріне сәйкес қалыптастырады.

4.3. ҚК СМЖ жұмыс тәртібінде ұстайды және СМЖ құжаттамасын талдау және өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы үздіксіз жетілдіру бойынша жұмыс істейді.

4.4. ҚК профессор-оқытушы құрамы назарына талапкерлерді іріктеу үдерістерінің сапасына және көрсетілетін қызметтердің сапасына байланысты қызмет бағыттары мен құндылықтарын жеткізеді.

## 5. Негізгі қызметтер

5.1. Қабылдау емтихандарын/әңгімелесулерді ұйымдастыру және өткізу.

5.2. Апелляциялық комиссия жұмысын ұйымдастыру.

5.3. Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкерлердің өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру.

5.4. 1 курс/оқу жылына оқуға қабылдау үшін өтініштер қабылдауды ұйымдастыру.

## 6. Құқықтары мен міндеттері

6.1. ҚК мүшелері мен жауапты хатшы академияға оқуға қабылдау туралы нормативтік құжаттарға сәйкес «ОҚМА» АҚ студенттерінің контингентін

қалыптастыру бойынша барлық ж ұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысуға міндетті.

6.2. Техникалық хатшылар құжаттарды тіркеуге және қабылдауға, талапкерлер құжаттарының түпнұсқалығын және толықтығын бақылауға міндетті

6.3. ҚК мүшелері, жауапты хатшы, техникалық хатшылар өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен нормативтік құжаттарды сұрауға құқылы.

## 7. Жауапкершілік

7.1. «ОҚМА» АҚ-ға оқуға қабылдаудың белгіленген ережелерінің және студенттер контингентін қалыптастыру бойынша басқа да нормативтік құжаттардың орындалуына қабылдау комиссиясының төрағасы - академия ректоры жауап береді.

7.2. ҚК талапкерлерді қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберу туралы шешім қабылдайды, олардың конкурсқа қатысу шарттарын анықтайды. Емтихан комиссияларының жұмысына бақылауды жүзеге асырады, қабылдау емтихандарының нәтижелерін қарайды, конкурс өткізеді және білім алушылардың қатарына оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды.

7.3. Техникалық хатшылықтың жұмысына басшылықты жауапты хатшы жүзеге асырады, сонымен қатар азаматтарды қабылдауды жүргізеді, азаматтардың қабылдау туралы жазбаша өтініштеріне жауап береді, ақпараттық материалдарды жариялауға дайындайды, түсу емтихандары мен әңгімелесулерді ұйымдастырады.

7.4. ҚК ұсынады:

- жұмыс жоспарларын
- әңгімелесуді және түсу емтихандарын өткізу кестелерін
- емтихан материалдарын (бағдарламалар, ведомостар, жауап парақтары және т.б.)
- талапкерлерді тіркеу кітаптарын
- отырыстар хаттамаларын
- талапкерлердің жеке істерін
- 1 курсқа оқуға қабылдау туралы бұйрықтарды
- атқарылған жұмыстар бойынша есептерді

## 8. Үдеріс нәтижелілігінің өлшемдері

8.1. Осы үдерісі нәтижелілігінің өлшемшарттары мыналар болып табылады:

- «ОҚМА» АҚ оқуға қабылдаудың белгіленген ережелерінің және білім алушылар контингентін қалыптастыру бойынша басқа да нормативтік

құжаттардың орындалуына жауапкершілік

- білім алушылардың контингентін қалыптастыру
- профессор-оқытушы құрамы назарына талапкерлерді іріктеу үдерістерінің сапасына және көрсетілетін қызметтердің сапасына байланысты қызмет бағыттары мен құндылықтарын жеткізу

8.2. Академия тарапынан осы үдерістің нәтижелілігін тексеру басшылық тарапынан талдау жүргізу және СМЖ ішкі аудитін жүргізу кезінде үдерістің нәтижелілігін бағалау кезінде жүргізіледі.

8.3. Осы ереженің талаптарын орындамау сәйкессіздіктер ретінде қарастырылады және олар бойынша түзету және алдын алу шаралары қабылданады.

## 9. Әдебиеттер тізімі


| | |
|---|---|
| [ 1 ] | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі 319-III «Білім туралы» Заңы. |
| [ 2 ] | «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. |
| [ 3 ] | «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы. |

**Әзірледі:**

| Қызметі | Тегі, аты, әкесінің аты | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Тіркеу офисінің басшысы | С. Сыздыкова | 3.06.25. | |

**Тексерді:**

| Қызметі | Тегі, аты, әкесінің аты | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Н. Ержанов | 3.06.25. | |

**Келісілді:**

| Қызметі | Тегі, аты, әкесінің аты | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | О. Кабиштаев | 3.06.25 | |